

Қасым Аманжоловтың жаңа өлеңдері

Ақын Қасым Аманжолов 1938 жылы "Өмір сыры" атты өлеңдер жыйнағын жарыққа шығарды. Содан бері Қасымның есімі оқушы жұртшылығына жақсы таныс. 1948 жылы қазақ және орыс тілінде шыққан «Дауыл» атты өлеңдер жыйнағы Қасымның қаламы төселіп, ержеткен ақын екенін танытты. Жуырда оның мектеп кітапханасына арнаған өлеңдер жыйнағы жеке кітап болып шықпақшы. Қасым жақсы аудармашы да. Ол Пушкиннің «Полтава» атты поэмасын, Лермонтовтың «Маскарад» атты драмасын, Низамидың «Ләйлі-Мәжнүн» атты поэмасының бірнеше тарауларын, Твардовскийдің «Василий Теркин» атты поэмасын қазақ тіліне аударды.

Қасым қазір «Сергей мен Серікбай» атты жаңа поэма жазып жүр. Газеттің бүгінгі санында біз оның бірнеше жаңа өлеңдерін басып отырмыз.

Бүгінгі күннің толғауы

Сапырды соғыс дауылы
Өмірдің бейбіт теңізін.
Солкылдап дала сауыры,
Қаптады бір өрт жер жүзін.
Қасқара шықтық майданға,
Қасақы жауды мерт қылдық.
Халқымыз серттен тайған ба!
Құлшына түстік, серт қылдық:
Қыйраған сәнді қаламыз,
Қаусаған алып заводтар,
Құлпыртып қайта саламыз,
Жағамыз, дедік, жаңа оттар.
Өртенген орман, күйінбе,
Сені де қайта егеміз,
Баяғы болған күйіңе
Келесің қайта, дегеміз.
Қанқұйлы дұшпан фашистер
Аяусыз қорлап, тапталған.
Қаралы, қайран, жатты жер
Егінің, нуын өрт алған.
Қайғырма, бұған жеріміз,
Жириген жауың жеңілді,
Бөлейміз нұға сені біз,
Жайқалтып алтын егінді.
Қанымыз тамшы тамған жер
Қызғалдақ атар құлпыртып, —
Деп іске басты халық ер,
Өмірді алға ұмтылтып,
Сталин бастап, біз қостап,
Кірісіп кеттік еңбекке,
Дүниеге бүкіл ой тастап.
Даңқымыз кетті жер-көкке
Ақылды, ойды, қайратты
Қасқара салдық қыйынға,
Қаһарман елміз айбатты,
Қыйындық деген бұйым ба!
Күйреген, әбден күл болған
Тірілді қала, заводтар,
Толқыды қайта нулы орман,
Егінжай болды оқоптар.
Бесжылдық біздің төрт жылда, —
Қашаннан қалған дағдымыз,
Қыймылда, достар, серт қыл да
Төкпедік босқа қанды біз! —
Деп бастық іске ер халық
Қалпына келді улы өмір;
Әніміз жатыр шырқалып,
Жүзіміз жалын, кеуде нұр.



Ақын Қасым Аманжолов.

Балдақты жігіт

Балдағы бар бір жігітті көрдім де,
Қасақана сауал бердім, келдім де:
— Бір аяғың көрінбей тұр көзіме.
Кешегі өткен сұрапылда бердің бе? —
Деп салдым мен. Жауап тапты тосында,
(Бір ғажайып күлкі ойнады ернінде):
— Көріп тұрсыз: бір аяғым осында,
Екіншісін, тұрмын басып Берлинде! —
Жігіт екен. Риза болдым жаныммен,
Жақынымдай сыйлай бердім барыммен.

Жазғы жыр

Келді көктем, келді жаз,
Кетті көк мұз, аппақ қар,
Аппақ қардай ақ қағаз...
Жырым қайда көз тоқтар.
Жатпа менің алдымда
Жырсыз, құнсыз құр қағаз.
Кешеуілдеп қалдым ба?
Сілкінейін мен біраз:
Жаз көнілім, жарқыра
Телегей жыр төгіл де,
Шабытпенен шарқ ұра,
Шықтым мен де егінге.
Десте, десте жыр жолы, —
Жайқал менің егінім.
Кең даламдай нұр толы,
Көгері түс көңілім.
Ектім егін ел үшін.
Махаббатпен суарып.
Көкрегімнің жемісін
Алшы, құрбым, қуанып.

Қуанышқа, бақытқа

Қуанышқа, бақытқа
Құшағыңды еркін жай.
Біздің ұлы уақытта
Қуана біл, қайғырмай,
Еңсе көтер, еңбек ет,
Жеткің келсе мұратқа.
Қуыс кеуде, құр сурет
Болсаң, қалдың ұятқа.
Жастық отың сөнбесін.
Жігеріңмен жарқылда.
Қарттық саған келмесін,
Іркілме де сарқылма!

Өлең

Отырам кейде құрысып,
Жанымда бір жүк жатқандай.
Өтеді уақыт жылысып,
Өз міндетін атқармай...
Кетемін кенет сілкініп,
Іздегенім тапқандай,
Манадан бері іркілін,
Селім бір енді аққандай.
Құлшына түсіп, құмартып,
Аламын сонда қаламды, —
Тәңірден онда мен артық
Билеген бүкіл ғаламды.
Құрысқан бойым жазылып,
Лапылдап отым жанады,
Отырғандаймын мээ қылып,
Ойнатып сәби баланы.
Өлеңім — менің бөбегім
Өзіме тартқан секілді;
Үстіне түсе төнемін,
Үйретіп оған не тілді,
Дүние шіркін тамаша.
Іреніш, қайғы маған жат,
Кұлпырам мээ боп балаша,
Айналам толған махаббат.